



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

SOCIAL  
DEVELOPMENT FUND



access

# IELTS

**тестіне дайындалуға арналған  
нұсқаулық пен практикалық тесттер**

**IELTS тестіне дайындалуға арналған нұсқаулық пен  
практикалық тесттер**

Нұр-Сұлтан қаласы,  
2021ж.

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2  
Қ77

**Нұсқаулықты баспаға әзірлеген:**

Жоба жетекшісі: Құрманбай Г., Назарбаев Университетінің профессоры,  
Рухани жаңғыру мәдени орталығының директоры

Жоба үйлестірушісі: Каламбаева Г., Назарбаев Университетінің Рухани  
жаңғыру мәдени орталығының аға менеджері.

Құрастырушы: Тілеубек Т., Назарбаев Университетінің түлегі.

Рецензент: Дүйсебекова Ж., PhD, Сулейман Демирель университеті,  
Мультидисциплинарлық білім беру орталығының директоры.

**Қ77 IELTS тестіне дайындалуға арналған нұсқаулық пен практикалық  
тесттер. – Нұр-Сұлтан: «Qaccess» әлеуметтік жобасы, – 2021ж. – 90  
бет.**

**ISBN 978-601-08-1423-3**

Нұсқаулық Назарбаев Университетінің КҚ «Әлеуметтік даму қоры» #SDFGRANTS2020 грантының шеңберінде «Qaccess» әлеуметтік жобасы аясында әзірленген. «Qaccess» жобасы қазақ тілінде білім алатын мектеп оқушыларына, қазақ тілінде сөйлейтін жастарға соның ішінде ауыл жастарына арналған ағылшын тілінің IELTS, TOEFL халықаралық емтихандары туралы анықтама беретін оқу құралдарын және дайындық материалдарын жасауды көздеген әлеуметтік жоба.

Қазақ тілінде білім алған және оқитын оқушылар мен студенттерді IELTS емтиханына дайындалуына арналған нұсқаулық. Нұсқаулық пен қатар бұл кітап IELTS емтиханына дайындалуға арналған практикалық тесттерді қамтиды. Сонымен қатар нұсқаулықта IELTS емтиханның анықтамасы беріліп, әр модульді қарастырып олардың сұрақтарының түрлерін сипаттайды.

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2  
Қ77

ISBN 978-601-08-1423-3

© «Qaccess» әлеуметтік жобасы, 2021

## Мазмұны

Кіріспе.....	5
IELTS Listening (Тыңдалымға) дайындалу.....	9
Academic Reading (Академиялық Оқылымға) дайындалу.....	16
IELTS Speaking (Айтылымға) дайындалу .....	40
IELTS Writing (Жазылымға) дайындалу.....	48
PRACTICE TEST (ПРАКТИКАЛЫҚ ТЕСТ ).....	69
ANSWER KEY (ЖАУАП ПАРАҒЫ) .....	86
IELTS тестінің жауап парағының үлгісі.....	88

## КІРІСПЕ

### *IELTS тесті дегеніміз не?*

The International English Language Testing System (IELTS) – ағылшын тілі қарым-қатынас тілі ретінде қолданылатын жерде оқығысы немесе жұмыс істегісі келетін адамдардың тіл білу деңгейін өлшейтін тест<sup>1</sup>

IELTS тесті 4 модульден тұрады: Listening (Тыңдалым), Reading (Оқылым), Writing (Жазылым) және Speaking (Айтылым).

### *IELTS тестін қалай тапсыруға болады?*

IELTS тестін екі жолмен тапсыруға болады:<sup>2</sup>

1) Жазбаша түрде – ол тест тапсыратын орталықта өтеді. Тест тапсырушы Listening, Reading, және Writing бөлімдерін сұрақ парақшасының көмегімен және жауап парақшасын толтыру арқылы тапсырады, ал Speaking бөлімін емтихан алушымен бетпе-бет сөйлесу арқылы тапсырады.

2) Компьютер арқылы – ол тест тапсыратын орталықта өтеді. Тест тапсырушы Listening, Reading, және Writing бөлімдерін компьютер арқылы тапсырады, ал Speaking бөлімін емтихан алушымен бетпе-бет сөйлесу арқылы тапсырады.

### *IELTS тестінің 2 модулі бар<sup>3</sup>*

<b>Academic (Академиялық)</b>	<b>General Training (Жалпы)</b>
Ағылшын тілінде оқытатын жоғары оқу орындарына түсу үшін немесе жұмысқа тұру үшін тапсырылады	Кәсіби немесе оқыту бағдарламаларын (жоғары оқу деңгейінде емес), орта мектепке түсу және иммиграция мақсаты үшін тапсырылады
<b>Listening (Тыңдалым)</b>	
4 бөлім, 40 сұрақтар 40 мин – сұрақтарды тыңдау мен жауап беру 30 минут + жауаптарды жауап парақшасына көшіру 10 минут	

1. “IELTS introduction”, Accessed January 29, 2021, <https://www.ielts.org/what-is-ielts/ielts-introduction>.

2. <https://www.ielts.org/about-ielts/ways-to-take-ielts>

3. Cambridge IELTS 7 With Answers Official Examination Papers From University of Cambridge ESOL Examinations (Cambridge University Press, 2009), 4.

<p><b>Academic Reading (Академиялық оқылым)</b></p> <p>3 бөлім, 40 сұрақтар 60 минут</p>	<p><b>General Training Reading (Оқылым жалпы түрі)</b></p> <p>3 бөлім, 40 сұрақтар 60 минут</p>
<p><b>Academic Writing (Академиялық жазылым)</b></p> <p>2 тапсырма 60 минут</p>	<p><b>General Training Writing (Жазылым Жалпы түрі)</b></p> <p>2 тапсырма 60 минут</p>
<p><b>Speaking (Айтылым)</b></p> <p>3 бөлім 11–14 минут</p>	

Осы кітапша IELTS тестінің Academic (Академиялық) модулін тапсырғысы келетіндерге арналған. IELTS Academic модулін ағылшын тілінде сабақ беретін жоғарғы оқу орындарында оқығысы келетін студенттер тапсырады.<sup>1</sup>

### **Listening (Тыңдалым)<sup>2</sup>**

Осы модуль 4 бөлім, ал әр бөлім 10 сұрақтардан тұрады. Модульдегі аудио шамамен 30 минутты қамтиды.

Бірінші бөлім екі адамның арасындағы әңгімеден, ал екінші бөлім монологтан тұрады. Үшінші бөлімде екі–төрт адамдар арасындағы әңгімеден тұратын, ал соңғы бөлімде монологтан тұратын аудио ойнатылады.

Тест кезінде аудио бір рет ғана ойнатылады және сұрақтарға аудионы тыңдап отырып, жауап беру қажет. Сұрақтарды оқып алу мен дайындалуға кішкене уақыт беріледі. Модульдың соңында жауаптарды тест парақшасынан жауап беру парақшасына көшіріп алуға 10 минут беріледі. Егер де жауаптарды жауап беру парақшасына көшірмесеңіз, сіздердің жауаптарыңыз саналмайды және соңында балл ретінде саналмайды. Аудиода берілген жауаптар сұрақтардың ретіне сай келеді.

Модульде келесі сұрақтар беріледі: бірнеше таңдау (multiple choice), қысқаша жауап, сөйлемдерді аяқтау, графиктер, кестелер, диаграмма, пландарды белгілеу, тізімнен таңдау және т.б.

1. “IELTS for study”, Accessed July 18, 2021, <https://www.ielts.org/about-ielts/ielts-for-study>.

2. Cambridge IELTS 7 With Answers Official Examination Papers From University of Cambridge ESOL Examinations (Cambridge University Press, 2009), 5-6.

## Academic Reading (Академиялық оқылым)

Модуль 40 сұрақтан тұрады 3 бөлімнен тұрады. Әр бөлім журналдар, газеттерден, кітаптардан алынған бір мәтіннен тұрады. Мәтіндер жалпы қызығушылық тудыратын тақырыптарға арналған.

Модульде келесі сұрақтар беріледі: бірнеше таңдау (multiple choice), қысқаша жауап, сөйлемдерді аяқтау, графиктер, кестелер, диаграмма, пландарды белгілеу, тізімнің ішінен таңдау және т.б.

## Academic Writing (Академиялық жазылым)<sup>1</sup>

Бұл модуль екі тапсырмадан тұрады. Бірінші тапсырмаға тест тапсырушыларға 20 минут берілед және осы уақыттың ішінде тест тапсырушылар 150 сөзден асатын кішігірім эссе жазу қажет. Екінші тапсырмаға 40 минут уақыт беріледі және тест тапсырушылар 250 сөзден асатын эссе жазуды талап етеді. Екінші тапсырма бірінші тапсырмаға қарағанда екі есе көп балл беріледі.

Бірінші тапсырмада бір немесе одан көп кестелерді, графиктерді өздерінің сөздерімен сипаттау немесе қорытындылау қажет. Ал екінші тапсырмада тест тапсырушылар берілген сұрақ немесе көзқарасқа өздерінің ойларын немесе пікірлерін білдіру қажет.

## Speaking (Айтылым)

Бұл модуль 11–14 минутқа созылады және тест алушымен бірге өткізіледі. Модуль үш бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде тест тапсырушылар өздерін тест алушымен таныстырып, өздері, өздерінің үйлері, отбасылары, жұмысы, оқуы және т.б. осыған ұқсайтын тақырыптарға жауап береді. Бұл бөлім 4–5 минуттан тұрады

Екінші бөлімде карточкадаға берілген тақырып туралы сөйлейді. Берілген тақырыпқа дайындалу үшін 1 минут, жауап беруге 1–2 минут және қосымша сұрақтарға жауап беруге 1 минут беріледі.

Үшінші бөлімде екінші бөлімдегі тақырыпқа байланысты сұрақтарға жауап береді. Бұл бөлім 4–5 минутқа созылады.

IELTS тестінің тапсырушылары 9 балдық шкаламен бағаланады<sup>2</sup>:

9	Тәжірибелі қолданушы	Тест тапсырушы тілді толық меңгерген: ағылшын тілінің қолдануы орынды, дәл, еркін және толық түсінуді көрсетеді.
8	Өте жақсы қолданушы	Тест тапсырушы сирек жүйесіз дәлсіздіктермен және орынсыз қолданумен тілді толық біледі. Олар бейтаныс жағдайларда кейбір нәрселерді дұрыс түсінбеуі мүмкін. Олар күрделі және егжей-тегжейлі дәлелдемені жақсы түсінеді.

1. “Test format”, Accessed January 29, 2021, <https://www.ielts.org/about-the-test/test-format>.

2. “How IELTS is scored”, Accessed January 29, 2021, <https://www.ielts.org/about-the-test/how-ielts-is-scored>

7	Жақсы қолданушы	Тест тапсырушы кездейсоқ дәлсіздіктермен, кейбір жағдайларда орынсыз пайдалану мен түсінбеушілікпен болса да, тілді біледі. Әдетте, олар күрделі тілді жақсы біледі және егжей-тегжейлі пайымдауды түсінеді.
6	Құзыретті	Тест тапсырушы кейбір дәлсіздіктерге, дұрыс пайдаланбауға және түсінбеушілікке қарамастан тілді тиімді меңгерген. Олар, әсіресе таныс жағдайларда, өте күрделі тілді қолдана алады және түсінеді.
5	Орташа/Зиялы қолданушы	Тест тапсырушы тілді ішінара біледі және көптеген жағдайларда жалпы мағынамен күреседі, дегенмен ол көптеген қателіктер жіберуі мүмкін. Олар өз саласындағы негізгі коммуникациялармен жұмыс істей алуы керек.
4	Шектеулі қолданушы	Тест тапсырушының негізгі құзыреті таныс жағдайлармен шектеледі. Олар көбінесе түсіну мен білдірудегі қиындықтарды көрсетеді. Олар күрделі тілді қалай қолдануды білмейді.
3	Өте шектеулі қолданушы	Тест тапсырушы өте таныс жағдайларда тек жалпы мағынаны жеткізеді және түсінеді. Байланыс кезінде жиі бұзылулар байқалады.
2	“Үзікті” қолданушы	Тест тапсырушы ауызша және жазбаша ағылшын тілін түсінуде үлкен қиындықтарға тап болады.
1	Қолданушы емес	Тест тапсырушы бірнеше жеке сөздерді қоспағанда, тілді қолдана алмайды.
0	Тестті тапсырған жоқ	Тест тапсырушы сұрақтарға жауап берген жоқ.

Еуропалық деңгейлік жүйесі<sup>1</sup> мен IELTS баллдарының жіктелуі<sup>2</sup>

Деңгей	Деңгейдің атауы	Деңгейдің сипаттамасы	IELTS
A1	Қарапайым деңгей	Бастапқы игерім	
A2	Негізгі деңгей	Қалыптасу қарсаңындағы игерім	
B1	Орта деңгей	Қалыптасқан игерім	5, 4.5, 4
B2	Ортадан жоғары деңгей	Тереңдетіле қалыптасқан игерім	6.5, 6, 5.5
C1	Жоғары деңгей	Ілгерілей қалыптасқан игерім	8, 7.5, 7
C2	Жетік деңгей	Кәсіби игерім	9

1. <https://www.nao.kz/files/blogs/1410283538457.pdf>

2. <https://www.ielts.org/-/media/pdfs/comparing-ielts-and-cefr.ashx>



## IELTS Listening (Тыңдалым бөліміне) дайындалу

Listening бөлімі IELTS тестінің екі түрінде де бірдей болып келеді және де оның ұзақтығы шамамен 30 минут. Сонымен қоса, сізге жауаптарыңызды жауап парағына көшіріп алуға 10 минут беріледі<sup>1</sup>.

Listening 4 бөлімнен тұрады. Әр келесі бөлім оның алдыңғысына қарағанда күрделірек болып келеді<sup>2</sup>. Әр бөлімде сіздерге белгілі бір аудио жазба ойнатылады<sup>3</sup>:

- **Бірінші** аудио жазбада сіздер екі адамның арасындағы әңгімені тыңдайсыз
- **Екінші** аудио жазбада сіздерге монолог беріледі
- **Үшінші** аудио жазбада академиялық мән мәтінде өтетін және төрт адамға дейін қатысатын әңгімені тыңдайсыз
- **Төртінші** аудио жазбада академиялық тақырыпқа арналған монологты тыңдайсыз

Әр бөлім 10 сұрақтан тұрады және әр сұрақтың жауабы аудио жазбаның ойнатылатын ретімен сәйкес келеді. Аудио жазбалар бір рет қана ойнатылады және оларда түрлі акценттер қолданылады<sup>4</sup>.

Listening бөлімдері түрлі сұрақтардан тұрады<sup>5</sup>:

1	<b>Forms/notes/table/flow-chart/summary completion</b>	Бұл тапсырмада тест тапсырушы берілген баяндаманың ішінде бос қалған орындарды қажетті сөздермен толтыруы қажет. Баяндама аудио жазба мәтінінің басты ойы немесе деректеріне негізделінеді және де сол мәтіннің бөлігінен немесе сол мәтіннен толықтай тұрады. Тест тапсырушы сұрақ парақшасында берілген сөздердің арасынан дұрысын таңдауы қажет немесе аудио жазбада айтылған сөздерді жазуы қажет.
---	--	---

1. Pauline Cullen et al., The Official Cambridge Guide to IELTS for Academic and General Training (Cambridge: Cambridge University Press, 2014), 13.

2. Cullen Pauline et al., The Official Cambridge Guide, 13.

3. “Test format”, Accessed July 18, <https://www.ielts.org/for-test-takers/test-format>.

4. “Test format”, Accessed July 18, <https://www.ielts.org/for-test-takers/test-format>.

5. “Test format”, Accessed July 18, <https://www.ielts.org/for-test-takers/test-format>.

2	<b>Short-answer question</b>	Тест тапсырушылар сұрақтарды оқып, тыңдалған мәтіннен қысқа жауап беруі қажет.
3	<b>Sentence completion</b>	Тест тапсырушылар тыңдайтын барлық мәтіннен немесе оның бір бөлігінен негізгі ақпаратты жинақтайтын сөйлемдер жиынтығын оқуы керек. Содан кейін олар әр сөйлемдегі бос орынды тыңдап отырған мәтіннен алынған ақпаратты пайдаланып толтырады.
4	<b>Plan/map/diagram labelling</b>	Тест тапсырушылар берілген жоспардың (мысалы, ғимараттар), картаның (мысалы, қала бөліктері) немесе сызбанұсқаның (мысалы, жабдық бөліктері) сипаттамасындағы бос орындарды толтыруы қажет. Жауаптар әдетте сұрақ парақшадағы тізімнен таңдалады.
5	<b>Matching</b>	Тест тапсырушылар ойнатылған мәтінде нөмірленген бірліктерді сұрақ парақшасында берілген нұсқалармен сәйкестендіру қажет.
6	<b>Multiple choice</b>	Бұл тапсырмада әр сұраққа берілген үш жауаптың дұрысын таңдау қажет немесе аяқталмаған сөйлемді берілген үш жауап нұсқаларынан дұрысын таңдау арқылы аяқтау қажет. Кейбір жағдайларда, тест тапсырушыларға бір тапсырмада/сұрақта жауаптардың ұзағырақ тізімі беріледі және олар бірнеше дұрыс болатын жауапты таңдаулары қажет.

Жауап беру алдында сізге сұрақтарды қарап шығуға белгілі бір уақыт беріледі. Сол уақыттың ішінде сұрақтарды және олардың шарттарын мұқият оқыңыз.

### **Listening (Тыңдалым) бөліміне арналған пайдалы кеңестер**

1. Өзіңіздің тыңдау қабілетіңізді жақсарту үшін құлағыңызды түрлі сөздерді тыңдауға және ажыратуға жаттықтырыңыз. Жаттығу кезінде түрлі ағылшын тіліндегі телебағдарламаларды, жаңалықтарды, дәрістерді тыңдауыңызға және IELTS Listening тестін өтуіңізге болады.
2. Тестте келетін түрлі тапсырамалар мен сұрақтарға алдын ала дайындалыңыз. Үстінде келтірілген тапсырмаларға және сұрақтарға практикалық тесттерді шешу арқылы дайындалуыңызға болады.
3. IELTS Listening тестінің әр бөлімдерінің өз нұсқаулықтары бар. Оларды мұқият оқып шығыңыз, өйткені ол жерде жауабыңызға қанша сөз қолдану керектігі, қай жерден сөздерді алу керектігі, және басқа туралы айтылады.

Мысалы:

*Complete the sentence below. Use NO MORE THAN THREE WORDS for each answer (Төмендегі сөйлемдерді аяқтаңыз. Үш сөзден көп болмайтын жауапты жазыңыз).*

*Қате аяқталған сөйлем:*

The scientists saw a group of tigers.

*Дұрыс аяқталған сөйлем:*

The scientists saw a tiger.

Қате аяқталған сөйлемде 4 сөз қолданылған, ал нұсқаулықта бұл сан үштен аспау қажет деп берілген.

4. Әр бөлімнің басында сізге сұрақтармен алдын ала танысу үшін белгілі бір уақыт беріледі. Мысалға, сізге “Look at the questions one to four” (Біріншіден төртінші сұраққа дейін қарап шығыңыз) деп айтылады және кішігірім уақыт беріледі, сол уақыттың ішінде сұрақтарды оқып шығып, оларға алдын ала дайын тұрыңыз.

5. Аудио жазбаны тыңдау кезінде естілетін түрлі дыбыстардан қорықпаңыз. Аудио жазбалардағы кейіпкерлер түрлі акценттерді қолданып, сөйлеуі мүмкін, ал аудио жазба ойнатылып жатқан кезде даланың, университеттің, дүкеннің және де басқа жерлердің дыбысы шығуы мүмкін.

6. Аудио жазбаларды тыңдау кезіңізде, берілген сұрақтарға бірден жауап беріңіз, өйткені белгілі бір естілген сөйлемді біраздан кейін ұмытып кетуіңіз мүмкін.

7. Аудио жазбаны тыңдаған кезінде сұрақ парақшаңызға жазбалар қалдырыңыз. Дұрыс жауаптарды алдын ала сұрақ парақшасында белгілеуіңізге болады немесе жауаптарды жауап парағына тасымалдау кезіңізде дұрыс емес белгіленген жауаптарды өзгертуіңізге болады.

8. Жауаптар ретімен беріледі. Мысалға, егер сіз 5-ші сұраққа жауапты естіп, 4-ші сұраққа жауапты естімесеніз, сіз 4-ші сұрақты өткізіп алдыңыз. Жауап кейінірек берілмейді, сондықтан 4-ші сұраққа жауапты жорамалдап, тестті жалғасыттыңыз.

9. Грамматикалық қателерді жасамауға тырысыңыз, өйткені егер сіздің жауабыңыз грамматикалық түрде дұрыс жазылмаса, ол қате болып саналады<sup>1</sup>.

---

1. Simone Braverman, Target Band 7: IELTS Academic Module – How To Maximize Your Score, 9-15.  
Lin Lougheed, Barron's IELTS: International English Language Testing System, (New York: Barron's Educational Series, 2010), 15.

## 1. БОЛЖАМ ЖАСАУ<sup>1</sup>

Аудиода ойнатылатын әңгімені түсіну үшін сіз екі нәрсеге көңіл бөлуіңіз қажет: сөйлеп жатқан кейіпкер мен тақырыпқа. Жоғары баллды алу үшін, сіз не білетініңізді және не білу керек екендігін анықтауыңыз қажет.

Әңгімені тыңдау барысында, сіз сөйлеп жатқан кейіпкерлер туралы болжам жасауыңыз қажет – Олар кімдер? Олардың қарым-қатынасы қандай? Олар қай жерде? Олар не істеуді жоспарлап жатыр? Олар не істеді? Олардың сезімдері қандай?

Айтылып тұрған тақырып туралы да болжау жасап көруіңіз қажет – Олар не туралы сөйлесіп жатыр? Қандай оқиға болды? Не болуы мүмкін?

Осы болжауларды жасау үшін сіз тест парақшасын қарап шығып: Кім? Не? Қашан? Қайда? Неге? және Қалай? Деген сұрақтарды өзіңізден сұрауыңызға болады. Осы жалпы сұрақтарға жауап іздеу арқылы сіз не білетініңізді және не білу керектігін анықтайсыз. Сізге тест парақшасындағы сұрақтарға қарап шығуға шамамен 20 секунд уақыт беріледі.

## 2. САНДАРДЫ ТҮСІНУ<sup>2</sup>

IELTS Listening модуліндегі сұрақтардың біразы сізден сандарды еске сақтауға, анықтауға немесе жазуға қажет етеді. Ағылшын тіліндегі сандардың көбісінің естілуі бірдей болып келеді. Келесі сандарды сіз шатастырып алуыңыз мүмкін, оларды дауыстап айтып көріңіз.

3	13	30	33	4	14	40	44	6	16	60	66
---	----	----	----	---	----	----	----	---	----	----	----

## 3. ӘРІПТЕРДІ ТҮСІНУ<sup>3</sup>

IELTS Listening модуліндегі сұрақтардың біразы сізден әріптерді еске сақтауға, анықтауға немесе жазуға қажет етеді.

Мысалы, тест кезінде бірінші кейіпкер: Is your name spelled L-i-n or L-y-n-n? (Сенің есімің L-i-n немесе L-y-n-n болып жазыла ма?) деп айтуы мүмкін.

Ал оған екінші кейіпкер: Actually, it is Lynne with e (Менің есімім Lynne, ішінде e әріпі бар) деп жауап беруі мүмкін.

Сұрақ сізден естіген есімді жазуға сұрайды, сондықтан сіз: Lynne деп жазуыңыз керек.

## 4. БІРДЕЙ ДЫБЫСТАРДЫ АЖЫРАТУ<sup>4</sup>

Ағылшын тіліндегі дауысты дыбыстар басқа тілдерде сөйлейтін адамдарға ажыратуға қиын болып келеді. Келесі мысалда жиі кездесетін және ажыратуға қиын дауысты дыбыстар берілген:

1. Lin Lougheed, Barron's IELTS, 21.

2. Ibid., 27.

3. Ibid., 29.

4. Ibid., 31.

i and ee – ship/sheep  
 a and e – pat/pet  
 e and ay – debt/date  
 o and aw – boat/bought  
 a and u – bat/but

Сондықтан осы дағдыны жақсарту үшін, бірдей естілетін дыбыстарды ажыратып, жаттығып көріңіз. Ол сізге сөздің дұрыс жазылатын нұсқасын таңдауға көмек береді.

#### 4. УАҚЫТТЫ АНЫҚТАУ

Аудио жолында берілген уақытты анықтау маңызды дағдылардың бірі және тест кезінде сізге күнді, айды, жылды және уақытты анықтау керек.

<b>Useful Words and Phrases for Time (уақытты белгілеуге арналған сөздер)</b>		
10:00 a.m. noon 5:00 p.m. midnight	in January in February May 3 November 14	1912 1925 2005 2007
at 4:00 before 6:30 after 7:00 half-past two quarter-past three quarter to four	March of this year April 12 of next year last December 10	in the spring in the summer in the autumn in the winter
Sunday Monday Tuesday	on June 10th on the 5th of July on August 3rd	yesterday tomorrow day after tomorrow
this week this month next week next month next year	on weekday mornings any afternoon from 1:00 during the week every other weekend	two years ago a year from now

## 6. ЖИІЛІКТІ ТЫҢДАУ<sup>1</sup>

Белгілі бір оқиғаның болатынын білдіретін үстеулер бар. Келесі үстеулердің екі тобы сізге уақытты анықтауға көмек береді.

Useful Adverbs of Frequency (Жиілікті білдіретін үстеулер)	Useful Adverbial Time Words or Phrases (Пайдалы үстеулік сөздер)
always usually often sometimes occasionally seldom hardly ever rarely never	every day, daily twice a week once a month on occasion every year, yearly every other week from time to time once in a while no and then

## 7. БІРДЕЙ МАҒЫНАЛАРДЫ ТЫҢДАУ<sup>2</sup>

Сіздің тест кезінде тыңдайтын сөздеріңіз тест парақшасында берілген сөздермен әрдайым сәйкес келе бермейді. Сізге бірдей мағыналы сөздерді тыңдауға тура келеді. Сіз берілген сөздің синонимін немесе сол сөздің басқаша айтылған нұсқасын естуіңіз мүмкін.

*Мысалға, сізге келесі сөйлем берілуі мүмкін:*

The survey participants who wrote answers to the questions are all college graduates.

Және тапсырма сізден келесіні сұрауы мүмкін:

Write the answer.

Who are the respondents? Answer: college graduates.

Егер аудиода сіз participants деген сөзді естіген болсаңыз, сұрақ дәл осы сөзді respondents деген сөзге алмастыруы мүмкін.

## 8. ЭМОЦИЯНЫ ТЫҢДАУ<sup>3</sup>

Сіз аудиода сөйлеп жатқан кейіпкерлердің қандай эмоциялық күйде тұрғанын анықтай аласыз ба?

*Мысалы: сіз екі кейіпкердің арасындағы мынандай әңгімені естуіңіз мүмкін.*

Jane: I can't wait to debate the team from Oxford.

Mark: I'm more apprehensive than excited. In fact, I'm not looking forward to it at all.

---

1. Ibid., 41

2. Ibid., 42.

3. Ibid., 48.

Сізге келесі сұрақтың дұрыс нұсқасын таңдау қажет:

What is Mark's attitude toward the debate?

- A) He's nervous.
- B) He's looking forward to it.
- C) He's more excited than Jane.

Дұрыс жауап: А.

### 9. ТЕРІС МӘНДІ СӨЙЛЕМДЕРДІ ТЫҢДАУ<sup>1</sup>

Тест кезінде сізге айтылған сөйлемнің оң немесе теріс мағынада айтылғанын анықтау қажет. Айтылған сөйлемдердің қандай мәнде айтылғанын түсіну үшін оларды мұқият тыңдаңыз.

Useful negative markers (теріс мәнді сөйлемдерде кездесетін сөздер)			
Before verbs/ clause	Before nouns/ phrases	Negative prefixes	Positive meanings from negative prefixes
not isn't/can't/won't/ shouldn't/ couldn't/ hasn't/mustn't rarely/only rarely hardly scarcely seldom never barely not since not until and neither	no nowhere nothing at no time not at this time in no case by no means	un im il in non	undone impossible illegal indefinite nonsense unlimited unparalleled invaluable nonrestrictive nonviolent

### 10. ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ РЕТТЕ ТЫҢДАУ<sup>2</sup>

Аудиода айтылатын әңгімедегі оқиғаларды немесе әрекеттерді дұрыс тәртіпте тыңдай алу маңызды дағды болып табылады. Келесі берілген пайдалы сөздер әңгіменің қандай хронологиялық ретте айтылғанын анықтауға көмектеседі.

1. Ibid., 48.

2. Ibid., 53.

Useful Words and Phrases That Indicate Chronological Order	
before	at birth, in childhood, in infancy, as an adult, in adulthood, in old age
after	simultaneously, at the same time as
while	former, latter
during	previous
between _____ and _____	previously
in (year)	prior to
on (day)	first, second, third, etc.
at (time)	in the first place, second place
since _____	to begin with
later	next, then, subsequently
earlier	in the next place
formerly	at last
every (number) (years, months, days)	in conclusion
at the turn of the century (decade)	finally
in the first half of the century	
in the 20s, 1980s, _____	

### Academic Reading (Академиялық оқылымға) дайындалу

Academic Reading (Академиялық оқылым) тесті 60 минутқа созылады. Осы уақыттың ішінде сіздер 40 сұрақтан тұратын 3 секцияны бітіруіңіз қажет. Сонымен қоса, осы уақыттың ішінде сіздер жауаптарыңызды жауап парақшасына көшіріп үлгеруіңіз қажет, оған артық уақыт берілмейді.

Academic Reading (Академиялық оқылым) тесті, әр секциясы оның алдыңғысына қарағанда қиынырақ болып келетін, 3 секцияға бөлінген академиялық үзінділерден тұрады. Бөлімде қолданылатын сұрақтар сіздердің түрлі оқылым дағдыларыңызды өлшейді (автордың жалпы мақсатын анықтау, үзіндідегі басты аргументті анықтау, үзіндіде келтірілген ой мен көзқарасты анықтау, белгілі бір мәліметті табу, басты ойды көмекші ойлардан ажырату, диаграмма, қысқа түйіндемені, кесте, жазбалар жиынтығын толықтыру үшін үзіндіден белгілі бір ақпаратты алу).

Academic Reading (Академиялық оқылым) тесті түрлі сұрақтардан тұрады: sentence completion (сөйлемді аяқтау), summary, note, table, flow-chart completion (қысқыша түйіндемені, жазбаларды, кестені, блок-сызбанұсқасын аяқтау), short-answer questions (қысқа-жауап сұрақтары), diagram label completion (диаграмманы аяқтау), multiple choice (бірнеше тандау), matching information (мәліметті сәйкестендіру), matching headings (тақырыптарды сәйкестендіру), matching features (ерекшеліктерді сәйкестендіру), matching sentence endings (сөйлемнің соның аяқтау), summary completion (түйіндемені толықтыру)<sup>1</sup>.

### 1. БІРІНШІ ПАРАГРАФТЫ ҚОЛДАНЫП БОЛЖАУ ЖАСАУ<sup>2</sup>

1. Cullen Pauline et al., The Official Cambridge Guide, 42-43.

2. Lin Lougheed, Barron's IELTS, 65.



Үзіндінің бірінші параграфы осы үзіндінің мәнмәтіні туралы болжау жасауға көмектесуі мүмкін, өйткені бірінші параграфта тақырыптық сөйлем (үзіндемедегі басты ойдың түйіндемесі), тақырыптың анықтамасы, автордың пікірі және үзіндінің қалай ұйымдастырылғаны туралы мәлімет келтіріледі.

**Обсессивтілік ауруы туралы жазылған келесі үзіндінің бірінші параграфын оқыңыз:**

*Obsessive-compulsive disorder (OCD) is clinically diagnosed as an anxiety disorder. This disorder affects up to 4 percent of adults and children. People who suffer from this debilitating disorder have distressing and obsessive thoughts, which usually cause them to perform repetitive behaviors such as counting silently or washing their hands. Though OCD sufferers understand that their obsessions are unrealistic, they find it stressful to put these intrusive thoughts out of their minds. Those who suffer from obsessive-compulsive disorder develop strict behavioral patterns that become extremely time-consuming and begin to interfere with daily routines. Many people with OCD delay seeking treatment because they are ashamed of their own thoughts and behavior.*

**Topic sentence (тақырыптық сөйлем)**

*Obsessive-compulsive disorder (OCD) is clinically diagnosed as an anxiety disorder.*

**Definition of topic (тақырыптың анықтамасы)**

*People who suffer from this debilitating disorder have distressing and obsessive thoughts, which usually cause them to perform repetitive behaviors.*

**Organizational clues (үзіндінің ұйымдастырылғаны туралы мәлімет)  
Автор келесі тақырыптарды талқылауы мүмкін**

*Obsessive behavior*

*Stress of sufferers, and/or*

*Treatment.*

## 1-ші практикалық тапсырма<sup>1</sup>

Берілген үзінділерін кіріспелерін оқып, олардың көмегімен үзінділердің тақырыптарын болжап жасап көріңіз.

1. The spread of wildfire is a natural phenomenon that occurs throughout the world and is especially common in forested areas of North America, Australia and Europe. Locations that receive plenty of rainfall but also experience periods of intense heat or drought are particularly susceptible to wildfires. As plant matter dries out, it becomes brittle and highly flammable. In this way, many wildfires are seasonal, ignited by natural causes, most specifically lightning. However, human carelessness and vandalism also account for thousands of wildfires around the globe each year. To gain a clear understanding of how wildfires spread, it is necessary to analyze what it takes to both create and control these fires.

Topic sentence (тақырыптық сөйлем):

Definition of topic (тақырыптың анықтамасы):

Organizational clues (үзіндінің ұйымдастырылғаны туралы мәлімет)

Автор келесі тақырыптарды талқылауы мүмкін:

2. The term “bird brain” has long been a common means of expressing doubts about a person’s intelligence. In reality, birds may actually be a great deal more intelligent than humans have given them credit for. For a long time, scientists considered birds to be of lesser intelligence because the cerebral cortex, the part of the brain that humans and other animals use for intelligence, is relatively small in size. Now scientists understand that birds actually use a different part of their brain, the hyperstriatum, for intelligence. Observations of different species of birds, both in the wild and in captivity, have shown a great deal of evidence of high levels of avian intelligence.

Topic sentence (тақырыптық сөйлем):

Definition of topic (тақырыптың анықтамасы):

Organizational clues (үзіндінің ұйымдастырылғаны туралы мәлімет):

Автор келесі тақырыптарды талқылауы мүмкін:

3. In 1834, a little girl was born in New Bedford, Massachusetts. She would grow up to become one of the richest women in the world. Her name was Hetty Green, but she was known to many as the Witch of Wall Street.

---

1. Ibid., 66.

Topic sentence (тақырыптық сөйлем):

Definition of topic (тақырыптың анықтамасы):

Organizational clues (үзіндінің ұйымдастырылғаны туралы мәлімет)

Автор келесі тақырыптарды талқылауы мүмкін:

## **2. ТАҚЫРЫПТЫҚ СӨЙЛЕМДІ ҚОЛДАНЫП БОЛЖАУ ЖАСАУ<sup>1</sup>**

Әр параграфың ішінде ең басты сөйлем тақырыптық сөйлем болып табылады, өйткені онда параграфтың не туралы болатыны туралы айтылады және онда параграфтың басты ойы орналасқан. Егер сіз басты ойды түсінсеңіз, сол ойды қолдайтын белгілі бір бөліктерді таба аласыз.

Обсессивтілік туралы жазылған үзіндінің екінші параграфын оқыңыз. Онда бірінші сөйлем тақырыптық сөйлем болып табылады.

*OCD sufferers experience worries that are both unreasonable and excessive and that act as a constant source of internal stress. Fear of dirt and contamination are very common obsessive thoughts. The obsession with orderliness and symmetry is also common. In other cases, persistent thoughts are centered on doubts, such as whether or not a door is locked or a stove is turned off. Impulses, such as the urge to swear in public or to pull a fire alarm, are other types of OCD symptoms. In order to be diagnosed with OCD, a sufferer must exhibit obsessions and/or compulsions that take up a considerable amount of time (at least one hour per day).*

### **Тақырыптық сөйлем**

*OCD sufferers experience worries that are both unreasonable and excessive and that act as a constant source of internal stress.*

### **Келесі сұрақтарды сұрауға болады**

*What are unreasonable worries?*

*What are excessive worries?*

### **2-ші практикалық тапсырма<sup>2</sup>**

*Келесі параграфтарды оқып, тақырыптық сөйлемдердің астын сызыңыз. Тақырыптық сөйлемдер туралы бір немесе екі сұрақ қойыңыз.*

---

1. Ibid., 67.

2. Ibid., 67.

1. To combat excessive thoughts and impulse, most OCD sufferers perform certain repetitive rituals that they believe will relieve their anxiety. These compulsions can be either mental or behavioral in nature. Common rituals include excessive checking, washing, counting, and praying. Over time, OCD sufferers attach strict rules to their compulsions. For example, a woman who is obsessed with cleanliness might wash her hands three times before having a meal in order to get the thought of the dirty dishes or silverware out of her mind. However, in many cases, the compulsions aren't related to the obsession at all. A man obsessed with the image of dead animals might count silently up to 500 or touch a specific chair over and over in order to block the images. Holding onto objects that would normally be discarded, such as newspapers and empty containers, is another common compulsion.
2. OCD symptoms generally begin between the age of 10 and 24 and continue indefinitely until a person seeks treatment. A child's upbringing does not seem to be part of the cause of the disorder, though stress can make the symptoms stronger. The underlying causes of OCD have been researched greatly and point to a number of different genetic factors. While studies show that OCD and its related anxiety disorders are often passed down through families, the specific symptoms for each family member are rarely the same. For example, a mother who is obsessed with order may have a son who can't stop thinking about a single word or number.
3. Research on OCD sufferers has found certain physiological trends. In particular, many studies show an overactivity of blood circulation in certain areas of the brain. As a result of this increase in blood flow, the serotonergic system, which regulates emotions, is unable to function effectively. Studies have shown that OCD sufferers have less serotonin than the average person. This type of abnormality is also observed in Tourette syndrome and Attention Deficit Hyperactive Disorder. People who developed tics as children are found to be more susceptible to OCD as well. Many reports of OCD point to infections that can trigger the disorder, namely streptococcal infections. It is believed that a case of childhood strep throat can elicit a response from the immune system that produces certain neuropsychiatric disorders, such as OCD.

### 3. БЕЛГІЛІ БІР МӘЛІМЕТТЕРДІ ІЗДЕУ<sup>1</sup>

Сіздер оқыған кезде үзіндінің басты ойын іздейсіз, ал содан кейін белгілі бір ойларды табу үшін тағы оқисыз. Үзіндінің авторы өзінің басты ойын қолдау үшін белгілі бір мәліметтерді келтіреді және осы қажетті мәліметтерді табу, сіздерге тесттің сұрақтарына жауап беруге көмектеседі.

Сіздер 2-ші практикалық тапсырмада тақырыптық сөйлемді анықтаған кезде, параграфтың басты ойын таптыңыз. Сіздер тақырыптық сөйлемге бірнеше сұрақ қойған кезіңізде, параграфта берілген мәліметтер осы сұрақтарға жауап болатынын күтесіз.

Үзіндінің екінші параграфын оқыңыз, белгілі бір мәліметтер тақырыптық сөйлемнен кейін берілген.

---

1. Ibid., 69.

*OCD sufferers experience worries that are both unreasonable and excessive and that act as a constant source of internal stress. Fear of dirt and contamination are very common obsessive thoughts. The obsession with orderliness and symmetry is also common. In other cases, persistent thoughts are centered on doubts, such as whether or not a door is locked or a stove is turned off. Impulses, such as the urge to swear in public or to pull a fire alarm, are other types of OCD symptoms. In order to be diagnosed with OCD, a sufferer must exhibit obsessions and/or compulsions that take up a considerable amount of time (at least one hour per day).*

### **Тақырыптық сөйлем**

*OCD sufferers experience worries that are both unreasonable and excessive and that act as a constant source of internal stress.*

### **Келесі сұрақтарды сұрауға болады**

*What are unreasonable worries?*

*What are excessive worries?*

### **Қолдаушы мәліметтер**

*Fear of dirt and contamination (Кір мен ластанудан қорқу)*

*The obsession with orderliness and symmetry (реттілік пен симметриямен бейімділік)*

*Persistent doubts (тұрақты күмән)*

*Impulses (импульстар)*

### **3-ші практикалық тапсырма<sup>1</sup>**

2-ші практикалық тапсырмада берілген үш параграфты оқып, тақырыптық сөйлемді қолдайтын мәліметтердің астын сызыңыз.

## **4. СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАРҒА ТАЛДАУ ЖАСАУ<sup>2</sup>**

Сіздер үзіндінің бірінші параграфы, тақырыптық сөйлемі мен белгілі бір мәліметтердің көмегімен сол үзіндінің мазмұны туралы болжау жасадыңыз. Енді тесттің сұрақ парақшасында берілген сұрақтар мен мәлімдемелер осы болжауларды тарылтуға және дұрыс жауап беруге қалай көмектесетінін көрейік.

---

1. Ibid., 69.

2. Ibid., 70.

Тесттің сұрақ парақшасына жауап беру үшін, бірнеше секундта берілген сұрақтар мен мәлімдемелерді қарап шығыңыз. Кейде сұрақтар үзіндіге дейін немесе үзіндіден кейін кездеседі. Өздеріңізден Кім? Не? Қашан? Қайда және Не үшін? деген сұрақтарды сұрап көріңіз. Осы сұрақтарға жауап беру арқылы, сіз не білетініңіз бен не білу керек екенін анықтайсыз. Үзіндіні оқып отырып, өзіңіздің болжауларыңызды сынай аласыз.

Сұрақтар, мәлімдемелер мен жауап нұсқаларына қарап отырып, түйін сөздерді табыңыз. Олар үзіндінің мән мәтінін түсінуге және үзінді туралы болжау жасауға көмектесу мүмкін.

#### 4-ші практикалық тапсырма<sup>1</sup>

Келесі IELTS тестінің сұрақтарына қарап көріңіз.

Questions 1–8 (1–8 сұрақтар)

Complete the summary of the reading passage below (Төменде берілген үзіндінің түйіндемесін аяқтаңыз).

Choose your answers from the box below and write them in boxes 1–8 on your answer sheet. There are more words than spaces so you will not use them all (Жауаптарды төменде берілген қорапшаның ішінен таңдаңыз және оларды сіздің жауап парақшаңыздағы 1–8 қорапшаларына жазыңыз. Қорапшада берілген сөздер кеңістіктерді санынан көбірек, сондықтан барлығын қолданбайсыз).

People who suffer from obsessive-compulsive disorder have 1..... thoughts, doubts, and fears that they cannot 2..... OCD sufferers develop certain ways of acting in order to 3..... their fears. For example, being afraid of dirt is a common 4....., which may lead to excessive hand washing. Or, an OCD sufferer who worries about a locked door may engage in excessive 5..... Some OCD sufferers keep things that other people would 6..... Research shows that OCD may be a disorder that is 7....., though members of the same family don't always show the same symptoms. It is also possible that certain infections may 8..... the disorder.

checking	doctor	upbringing	inherited	reduce	cause	treatment	throw away
unreasonable	obsession	control	compulsive	diagnosis	counting		

Біріншіден түйін сөздерді анықтаңыз (олардың асты сызылған), содан кейін осы сөздерді үзіндіден іздеңіз. Сіз қай жерге қарау керектігін білетін боласыз өйткені сіз тақырыптық сөйлемді және белгілі бір мәліметтерді оқып, болжау жасадыңыз.

Асты сызылған сөздердің қасындағы сөздерді үзіндіден іздеп көріңіз. Олар түйіндемені бітіруге көмектесті ме?

Сұрақтардағы және үзіндідегі түйін сөздерді анықтап, астынан сызыңыз. Асты сызылған сөздердің қасындағы сөздерге қараңыз. Олар төмендегі сұрақтарды аяқтауға көмектесті ме?

1. Ibid., 70.

## Questions 9–16 (9–16 сұрақтар)

Do the following statements agree with the information in the reading passage? (Берілген пікірлер үзіндіде берілген мәліметке сәйкес келе ма?)

In boxes 9–16 write

- TRUE** if the statement is true according to the passage
- FALSE** if the statement contradicts the passage
- NOT GIVEN** if there is no information about this in the passage

- 9 OCD often results from the way a child is raised.
- 10 Stress can have an effect on OCD.
- 11 OCD sufferers are deficient in serotonin.
- 12 Obsessive–compulsive disorder usually begins after the age of 17.
- 13 Many OCD patients prefer psychotherapy to medication.
- 14 OCD is very difficult to treat.
- 15 Many OCD sufferers keep their problems a secret.
- 16 Antibiotics can be used to treat OCD.

You should spend 20 minutes on Questions 9–16, which are based on the reading passage below (Төменде берілген үзіндіге негізделген 9–16 сұрақтарға 20 минут жұмсауыңыз қажет).

### Obsessive–compulsive disorder

Obsessive–compulsive disorder (OCD) is clinically diagnosed as an anxiety disorder and affects up to 4 percent of adults and children. People who suffer from this debilitating disorder have distressing and obsessive thoughts, which usually cause them to perform repetitive behaviors such as counting silently or washing their hands. Though OCD sufferers understand that their obsessions are unrealistic, they find it stressful to put these intrusive thoughts out of their minds. Those who suffer from obsessive–compulsive disorder develop strict behavioral patterns that become extremely time–consuming and begin to interfere with daily routines.

Many people with OCD delay seeking treatment because they are ashamed of their own thoughts and behavior.

OCD sufferers experience worries that are both unreasonable and excessive and that act as a constant source of internal stress. Fear of dirt and contamination are very common obsessive thoughts. The obsession with orderliness and symmetry is also common. In other cases, persistent thoughts are centered on doubts, such as whether or not a door is locked or a stove is turned off. Impulses, such as the urge to swear in public or to pull a fire alarm, are other types of OCD symptoms. In order to be diagnosed with OCD, a sufferer must exhibit obsessions and/or compulsions that take up a considerable amount of time (at least one hour per day).

To combat excessive thoughts and impulse, most OCD sufferers perform certain repetitive rituals that they believe will relieve their anxiety. These compulsions can be either mental or behavioral in nature. Common rituals include excessive checking, washing, counting, and praying. Over time, OCD sufferers attach strict rules to their compulsions. For example, a woman who is obsessed with cleanliness might wash her hands three times before having a meal in order to get the thought of the dirty dishes or silverware out of her mind. However, in many cases, the compulsions aren't related to the obsession at all. A man obsessed with the image of dead animals might count silently up to 500 or touch a specific chair over and over in order to block the images. Holding onto objects that would normally be discarded, such as newspapers and empty containers, is another common compulsion.

OCD symptoms generally begin between the age of 10 and 24 and continue indefinitely until a person seeks treatment. A child's upbringing does not seem to be part of the cause of the disorder, though stress can make the symptoms stronger. The underlying causes of OCD have been researched greatly and point to a number of different genetic factors. While studies show that OCD and its related anxiety disorders are often passed down through families, the specific symptoms for each family member are rarely the same. For example, a mother who is obsessed with order may have a son who can't stop thinking about a single word or number.

Research on OCD sufferers has found certain physiological trends. In particular, many studies show an overactivity of blood circulation in certain areas of the brain. As a result of this increase in blood flow, the serotonergic system, which regulates emotions, is unable to function effectively. Studies have shown that OCD sufferers have less serotonin than the average person. This type of abnormality is also observed in Tourette syndrome and Attention Deficit Hyperactive Disorder. People who developed tics as children are found to be more susceptible to OCD as well. Many reports of OCD point to infections that can trigger the disorder, namely streptococcal infections. It is believed that a case of childhood strep throat can elicit a response from the immune system that produces certain neuropsychiatric disorders, such as OCD.

Because OCD sufferers tend to be so secretive about their symptoms, they often put off treatment for many years. The average OCD sufferer waits about 17 years before receiving medical attention. As with many anxiety disorders, early diagnosis and proper medication can lessen many of the symptoms and allow people to live fairly normal lives.



Most treatment plans for OCD involve a combination of medication and psychotherapy. Both cognitive and behavioral therapies are used to teach patients about their disorder and work through the anxiety. Serotonin reuptake inhibitors are prescribed to increase the brain's concentration of serotonin. This medication successfully reduces the symptoms in many OCD sufferers in a short amount of time. For cases when OCD is linked to streptococcal infection, antibiotic therapy is sometimes all that is needed.

## 5. ТАПСЫРМАЛАРДЫ АНЫҚТАУ<sup>1</sup>

Academic Reading бөлімі түрлі сұрақтарды қолданады, сондықтан сұрақтардың сізден не туралы сұрап тұрғанын білу маңызды.

Сұрақтардың түрлері:

- Multiple-choice questions (бірнеше-тандау сұрақтары)
- Short-answer questions (қысқа-жауап сұрақтары)
- Completing sentences (сөйлемдерді аяқтау)
- Completing notes, summary, tables, flowcharts (жазбаларды, түйіндемені, кестені, блок-сызбанұсқасын аяқтау)
- Labeling a diagram (диаграмманы белгілеу)
- Choosing headings for paragraphs or sections of a text (параграфтар немесе үзіндінің бөлімдеріне тақырыпты таңдау)
- Choosing three or four answers from a list (үш немесе төрт жауаптарды тізімнен таңдау)
